

Тұздыбастау ауылдық округі Тұздыбастау ауылының жаңа көшелеріне атау беру туралы

Алматы облысы Талғар ауданы Тұздыбастау ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 12 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 3663 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және Тұздыбастау ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Талғар ауданының Тұздыбастау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұздыбастау ауылдық округінің Тұздыбастау ауылының жаңа көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Тұздыбастау ауылының солтүстік-шығысында орналасқан тоғызыншы көшеге "Қасым Қайсенов", он бірінші көшеге "Мәлік Ғабдуллин", он үшінші көшеге "Хиуаз Доспанова", он жетінші көшеге "Рақымжан Қошқарбаев", жиырмамыншы көшеге "Талғат Бигелдинов";

2) Тұздыбастау ауылының оңтүстік-шығысында орналасқан сегізінші көшеге "Нүркен Әбдіров";

3) Тұздыбастау ауылының солтүстік-батысында орналасқан сегізінші көшеге "Сағадат Нұрмағамбетов".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. "Талғар ауданының Тұздыбастау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Калмурзаева Жанар Жумағалиевнаға осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімінің міндетін атқарушы

Б. Сейтова